

«6D050300 – Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Гульзат Жакеевна Сарбасованың «Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға <u>сәйкестігі</u>:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Диссертацияның ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі аталмыш жұмыстың 3-ші және 9-беттерінде көрсетілген: 1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 3 мамырда, №118-VII (01.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен); 2) Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: «Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына 1-қосымша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру»; 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: бекіту. 2019 жылғы 27 желтоқсан, №988; 4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылғы 12 қазан, №726; 5) «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан халқына Жолдау. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаев. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам: Қазақстан халқына Жолдау.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия 29-сәуір, 2020 жылы бекіткен, 2020-2023 жылдарға арналған ғылымды дамытудың «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы ашылған</u> /ашылмаған.	Әлемдегі, біздің қоғамдағы түрлі өзгерістер кезінде эмоционалды икемділік мәселесінің болашақ психологтердің даму өрісінде қарастырылуы психология ғылымы мен практикасына елеулі үлес қосады . Диссертацияның теориялық және практикалық маңыздылығы «Эмоционалды икемділік» концептісінің мәндік, мазмұндық, құрылымдық, предикторлық түсініктерінің түсіндірілуімен ашылған
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары : 1) Жұмыстың теориялық және эксперименттік бөлімдерінде тақырып бойынша отандық және шетелдік теориялар, тәжірибелер талданған. 2) Өртүрлі деңгейдегі басылымдарда 2017-жылдан бастап тақырып аясындағы ғылыми нәтижелері 11 зерттеу жұмысы жарияланған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі негізделген . Өзектілік байланыстырылған: 1) болашақ мамандарға қойылатын жаңа талаптармен; 2) мемлекеттің бағдарламаларымен, ЖОО-ларға қояр міндеттерімен және қажеттіліктерімен; 3) қоғамдағы «психолог» маманына деген сұраныспен; 4) Қазақстанда психологиялық білім берудегі өзгерістермен; 5) эмоционалды икемділіктің мән-мағынасымен; 6) эмоционалды икемділікті зерттеудің теориялық алғышарттарымен; 7) болашақ психологтардағы эмоционалды икемділіктің дамуының теориялық және практикалық маңыздылығымен; 8) зерттеу тақырыбы бойынша қарама-қайшылықтармен.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды : 1) тақырыпқа сәйкес 1-бөлімде эмоционалды икемділік және оның болашақ психологтерге қатысты даму ерекшеліктерінің зерттелінуіне алғышарттар болатын теориялық және әдіснамалық бағдарлар негізделген; 2) тақырыпқа сәйкес болашақ психологтердің эмоционалды икемділігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары мен моделі 2-бөлімде жасалған; 3) тақырыпқа сәйкес 3-бөлімде болашақ психологтердегі эмоционалды икемділіктің дамуын эксперименттік зерттелген
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Қадамдық сұрақтар ретіндегі міндеттер ЖОО-да болашақ психологтердің эмоционалды икемділігінің дамуын теориялық негіздеу және эксперименттік тексеру мақсаты диссертация тақырыбына сәйкес келеді
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:	Диссертацияның 3 бөлімі мен олардың құраушылары ретіндегі 9 бөлімше бір-бірімен сабақтасып мазмұндалып, ішкі бірлікті, үйлесімді өзара

		<p>1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	шарттастықты, логикалық байланысты көрсетеді
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	Зерттеудің тақырыбына және методологиялық бағдарына сәйкес қорытылып шығарылған авторлық тұжырымды ойлар, жаңа тұрғыдағы шешімдер, зерттеу әдістері ғылыми танымның жоғары дәрежедегі амалы – сыни талдаудың нәтижесі бола алады
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>1) Эмоционалды икемділікті психикалық бейнелеу, эмоционалды, коммуникативтік, реттеуші жеке қасиеттер мен қабілеттердің жиынтығы ретінде әрі психикалық процесс, әрі тұлғалық құрылым ретінде анықтайтын қағидат психология ғылымындағы ішінара жаңа 2) Психолог тұлғасының интегративті қабілеті ретінде эмоционалды икемділіктің когнитивтік, реттеуші және мінез-құлық компоненттерін қамтитыны туралы қағидат толығымен жаңа 3) Болашақ психологтердің эмоционалды икемділігін дамыту үшін жасалған құрылымдық-мазмұндық модельдің және кешенді бағдарламаның құрылымдалып жасалуы туралы қағидат толығымен жаңа 4) Болашақ психологтердің эмоционалды икемділігін дамыту үшін жасалған құрылымдық-мазмұндық модельдің және кешенді бағдарламаның ЖОО-дағы оқу-кәсіби іс-әрекетте іске асырумен қамтамасыз етілуі туралы қағидат толығымен жаңа 5) Болашақ психологтердің эмоционалды икемділігі құрылымдық компоненттерімен, көрсеткіштерімен анықталуы туралы қағидат толығымен жаңа</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Диссертациялық зерттеуде әр бөлім бойынша және жалпыланған қорытынды жасалған. Олардың мазмұны диссертацияның 11-13 беттерінде нақтыланып, қысқаша берілген ғылыми жаңалықтары мен тұжырымдалған қағидаттарын қамтиды. Біз оларды қысқаша түрде осы кестенің 5.1 пунктінде нақтыладық. Сондықтан диссертация қорытындыларын жаңа деуге болады
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p>	Диссертацияны мазмұндауда авторлық мәнгер, авторлық ұстаным бойынша суреттер, модельдеу сызбасы, кестелер, диаграммалық бейнелер, тренингтік және оқыту технологиялары, математикалық-

		<p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>статистикалық есептеу әдістері қолданылған. Сондықтан диссертацияда тікелей және жанама түрде жаңа және негізделген техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдер орын алған деуге болады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертация мазмұнындағы барлық қорытынды тұжырымдар теориялық, методологиялық алғышарттар негізінде ғылыми таным тұрғысынан ауқымды теориялық және эксперименттік зерттеулердің түсіндірмесімен дәлелдемелерде негізделген деуге болады</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>7.1 Бірнеше маңызды, жаңаша тұжырымдалған. қағидаттар диссертация мазмұнындағы сәйкес бөлімдер мен бөлімшелерде қарастырылып, талданады. Ауқымды ғылыми ақпарат, эксперименттік жаңа деректер арқылы әр қағидат негізделіп, дәлелденген</p> <p>7.2 Қорғауға ұсынылған әр қағидатқа өзіндік түпнұсқалық, бірегей жаңашылдық тән. Сондықтан қорғауға ұсынылатын қағидаттар тривиалды емес</p> <p>7.3 Осы кезге дейін психология ғылымдарында қазіргі қазақстандық болашақ психологтердің эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны бойынша ғылыми-таным, білім, тәжірибе салаларында ғылыми нәтижелер алынып, қағидаттар тұжырымдалмаған. Сондықтан қорғауға ұсынылған қағидаттар жаңа деуге болады</p> <p>7.4 Тұжырымдалған қағидаттар қазіргі болашақ психологтердің эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұнына ғана емес, жалпы қазіргі қазақстандық жастардың бүкіл психикалық, әлеуметтік-психологиялық болмысын теориялық та, практикалық та тұрғыдан зерттеуге және оңымен бағдарлап, дамытуға бағдар бола алады. Сондықтан диссертациялық зерттеу бойынша негізделген қағидаттарды кеңінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Тек диссертация тақырыбына қатысты 11 еңбек жарияланған. Бұл мақалаларда диссертациялық зерттеу нәтижелері жинақталып, қағидаттар дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациядағы әдістемелердің таңдалуы методологиялық бағдарға сәйкес негізделіп, нақтыланып жазылған. Себебі: 1) диссертация мазмұнының барлық бөлімдері мен бөлімшелерінде таңдалынған теориялық зерттеудің әдістері негізді түрде толымды қолданылған. Ал, 3-бөлімде ұсынылған эмпирикалық әдістемелер кешені нақтыланып, жазылған.</p>

	дәйектілігі	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия ; 2) жоқ	Диссертация жұмысында компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған: 1) ғылыми-теориялық нәтижелер кестелер, ажыратып көрсету бойынша түрлендіріліп, бейнеленген; 2) эмпирикалық мәліметтер, деректер көрнекі бейнелермен және «SPSS 23.0» нұсқасында «Statistical Package for the Social Science» статистикалық бағдарламалар пакеті арқылы математикалық-статистикалық жолмен сандық және сапалық түсіндірілген
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия ; 2) жоқ	Болашақ психологтердің эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны бойынша жасалған теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және тағайындалған ерекшеліктер мен заңдылықтар Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінде («Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі) 192 студентке жүргізілген 5 түрлі стандартты диагностикалық әдістемелермен эксперименттік зерттеу арқылы толымды және ғылыми-методологиялық мәдениет тұрғысынан дәлелденген және расталған
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияда қорытылған маңызды тұжырымдар, ғылыми нәтижелер, маңызды қағидаттық мәлімдемелер отандық және шетелдік, классикалық және заманауи сенімді ғылыми әдебиеттерге жасаған сілтемелермен расталған
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 149 дереккөзді құрайды. Бұл зерттеу тақырыбына сәйкес тың, жаңа ғылыми нәтижелер алуға және ғылыми қағидаттарды тұжырымдап, негіздеуге жеткілікті
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия ; 2) жоқ	Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер, тұжырымдалған қағидаттар мен қорытындылар 1) болашақ психологтердің кәсіби дамуы бойынша кәсіптік психологияның таным-білім негізін қордаландырады; 2) жастар психологиясы және эмоционалды икемділік мәселесіне қатысты даму психологиясының концепцияларын кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік береді; 3) болашақ психологтердің эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұнын зерттеуден алынған нәтижелер алғашарт ретінде эмоция психологиясының ғылыми қорын байытады; 4) диссертация нәтижелері пәнаралық зерттеулердегі жаңа идеяларға арқау болады; 5) теориялық және эмпирикалық зерттеудегі авторлық позициялар, мәнгерлер басқалардың ғылыми ізденістеріне бағыт береді. Бұлар диссертацияның теориялық маңыздылығын айқындайды.

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p>	<p>Диссертация ғылыми-психологиялық және эмпирикалық зерттеу материалдарын, ғылыми нәтижелерді 1) психология пәндерінің сәйкес салалары бойынша курстарды оқу барысында; 2) жастардың психологиялық оңды дамуына бағыт беретін іс-шараларда, аудиториядан тыс жұмыстарда практикалық материалдар ретінде; 3) психологиялық ғылыми жұмыстарда эксперименттік зерттеудің әдіснамасын модельдеп, модификациялап қолдануға болады. Сондықтан диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған ғылыми нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары деуге болады</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияда алынған 1) ғылыми -теориялық және эмпирикалық нәтижелер, 2) ұсынылған «Психологтың эмоционалды икемділігі» арнайы курсының, психологиялық тренингтің бағдарламасы толығымен жаңа практикалық ұсыныстарға негіз болады</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған. Диссертацияның жазу және ресімдеу сапасы академиялық жазылымға сәйкес және жоғары</p>

6D050300 – «Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «**Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны**» тақырыбындағы диссертация толымды зерттелген, аяқталған ғылыми жұмыс болғандықтан, оның авторы – **Гульзат Жакеевна Сарбасоваға философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты** деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**«Тұран» университеті,
«Психология» кафедрасының профессор-зерттеушісі,
психология ғылымдарының докторы**



А.Р. Ерментаева ҚР-дың
 растаймын. «Тұран»
 университетінің ҚҚБ
 басқаруының бастығы

 ж.